

"Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 10 қыркүйек N 865. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.01.31. N 105 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау және астық сатып алуды реттеу жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізу, нарықтық экономика жағдайында республика халқын астық өнімдерімен тұрақты түрде қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазастықөнімі" мемлекеттік-акционерлік концернінің кәсіпорындары мен мекемелерінің негізінде N 1 қосымшаға сәйкес "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі Компания) құрылсын.

2. Компания "Қазастықөнімі" мемлекеттік-акционерлік концернінің мүліктік құқы мен міндеттерінің заңды мұрагері болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияға заңда белгіленген тәртіппен оның құрамына кіретін, бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқын берсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Компаниямен бірлесе отырып 1993 - 1995 жылдарға арналған (II кезең) мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі Ұлттық бағдарламаға және Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 Жарлығына сәйкес Компания құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін қайта құруды жүзеге асыру тапсырылсын. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акционерлендірген жағдайда құрылатын акционерлік қоғамдардың, белгіленген тәртіппен сатылатын акциялар пакетінен басқа, мемлекеттік акциялар пакетін Компанияға иеленуге, пайдалануға және басқаруға берсін.

5. Астық өнімдері жөніндегі облыстық өндірістік бірлестіктердің негізінде N 2 қосымшаға сәйкес аумақтық мемлекеттік акционерлік компаниялар құрылсын. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік

комитетіне аумақтық мемлекеттік акционерлік компаниялар акцияларының бақылау пакетін "Астық" компаниясына беру тапсырылсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне мемлекеттік акциялар пакеті болмаған жағдайда мемлекет мүддесін қамтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда "алтын акция" енгізе алатын бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың құқын беретін болсын.

7. Компанияға:

астық пен тұқымды мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік ресурстарды

аумақтарға орналастыру мен пайдалану, мемлекет мұқтажы үшін өнім өндіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді;

астық өнімдерімен экспорттық-импорттық операцияларды;

саланың өндіру және дамытуға арналған болашақ жоспарларын әзірлеу мен бірыңғай техникалық саясат жүргізуді;

кәсіпорындарды жаңғырту және жаңа объектілер салу үшін шет ел инвестицияларын тарту мен пайдалануды;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісе отырып:

- астық пен тұқымның мемлекеттік ресурстық балансын әзірлеуді;
- жұмылдырушылық және сақтық қорларын қалыптастыруды;
- қоршаған ортаны қорғау мен табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыру тапсырылсын.

8. "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының заңдары, өз жарғысы негізінде іс-әрекет және республика агроөнеркәсіп кешенінің құрамына кіреді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 10 қыркүйектегі

N 865 қаулысына

N 1 қосымша

"Астық мемлекеттік акционерлік компаниясына
акциялардың мемлекеттік пакетін беретін акционерлік
қоғамдар

Ақмола астық өнімдері комбинаты

Ақтөбе астық өнімдері комбинаты
"Алтын диірмен" акционерлік қоғамы, Алматы облысы
Қапшағай астық өндіру комбинаты, Алматы облысы
"Дәулет" акционерлік қоғамы, Алматы облысы
"Алматы-нан" өндірістік-сауда фирмасының акционерлік қоғамы
"Өскеменастықөнімдері" акционерлік қоғамы, Шығыс Қазақстан Облысы
N 1 Жамбыл астық өнімдері комбинаты
"Астықөнімдері" акционерлік қоғамы, Жезқазған облысы
Желаево астық өнімдері комбинаты, Батыс Қазақстан облысы
Теміртау астық өнімдері комбинаты, Қарағанды облысы
Қызылорда астық өнімдері комбинаты
Володар элеваторы, Көкшетау облысы
Қостанай астық өнімдері комбинаты
Аманқарағай элеваторы, Қостанай облысы
Рождественка элеваторы, Павлодар облысы
Петропавл астық өнімдері комбинаты, Солтүстік Қазақстан облысы
Семей ұн-құрама жем комбинаты
Талдықорған астық өнімдері комбинаты
Жақсы элеваторы, Торғай облысы
"Ақ бидай" акционерлік қоғамы, Оңтүстік Қазақстан Облысы
"Қазастықкомплект" сауда-делдалдық фирмасы
"Қазастыққұрылысмонтаж" жобалау-құрылыс бірлестігі
"Мемғылзертортаазөнеркәсіпдәнжоба" институты
"Қазэкспортастық" мемлекеттік-акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы қыркүйектегі
N 865 қаулысына
N 2 қосымша

Акционерлік компаниялар мен облыстық астық өнімдері

өндірістік бірлестіктері негізінде құрылатын аумақтық
мемлекеттік акционерлік компаниялар

"Ақмолаастықөнімдері" акционерлік компаниясы

Ақтөбе облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

Алматы облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

"Шығысастықөнімі" компаниясы

Жамбыл облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

Жезқазған облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

Батыс Қазақстан облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

Қарағанды облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

Қызылорда облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

Көкшетау облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

Қостанай облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

"Павлодарастықөнімі" акционерлік-мемлекеттік холдингтік
компаниясы

Солтүстік Қазақстан облыстық астық өнімдері өндірістік
бірлестігі

Семей облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

Талдықорған облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

Торғай облыстық астық өнімдері өндірістік бірлестігі

Оңтүстік Қазақстан облыстық астық өнімдері өндірістік
бірлестігі

